

Қорағаты станциясындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Қорағаты ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 маусымдағы № 1 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 маусымда № 3873 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылдың 24 қарашадағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қорағаты ауылдық округі Қорағаты станциясындағы "Вокзальная" көшесі "Теміржолшы" көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қорағаты ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Ж.Қондыбайға жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

Б.Аблазимов